

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 12 наурыз N 298 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.10. N 1300 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 6, 40-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті мынадай мазмұндағы 28-1-тармақпен толықтырылсын:

"28-1. Үкіметтің қаулыларын және Премьер-Министрдің өкімдерін тіркеу мен есепке алу Премьер-Министрдің Кеңесі анықтайтын тәртіппен жүзеге асырылады .

Қол қойылған Үкіметтің қаулыларына және Премьер-Министрдің өкімдеріне Кеңсе мыналарды қамтыған тіркеу нөмірлерін береді:

1) құпия емес қаулылар үшін - күнтізбелік жылдың басынан басталған реттік нөмір, өкімдер үшін - күнтізбелік жылдың басынан басталған реттік нөмір, сызықша арқылы "ө" әрпін көрсете отырып;

2) құпия немесе өте құпия мәліметтерді қамтыған қаулылар мен өкімдер үшін - құпия емес қаулыларға (өкімдерге) арналған реттік нөмір, құпия мәліметтерді қамтыған қаулылар (өкімдер) үшін реттік нөмірді сызық арқылы көрсетіп, құпия қаулылар (өкімдер) үшін - "қ" әрпін және өте құпиялары үшін - "өқ" әріптерін ж а з а о т ы р ы п ;

3) бюджеттік бағдарламалардың бекітілген паспорттарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді көздейтін қаулылар үшін - бастапқы қаулының реттік нөмірі, әліпби тәртібімен берілетін әріп таңбасы жазыла отырып."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

